

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ақшалай ризықты, жәрдемақыларды және өзге де төлемақыларды төлеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 808 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 желтоқсанда № 10043 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ақшалай ризықты, жәрдемақыларды және өзге де төлемақыларды төлеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қаржымен қамтамасыз ету департаменті (Б.Ш. Исенова) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

полиция генерал-лейтенанты

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2014 жылғы 14 қарашадағы
№ 808 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ақшалай ризықты, жәрдемақыларды және өзге де төлемақыларды төлеу қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалардың әрекеті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ИМ) орталық аппараты мен оның ведомстволарының, аумақтық органдарының және ИМ қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің ішкі істер органдары қызметкерлеріне (бұдан әрі – ішкі істер органдарының қызметкерлері), ішкі істер органдарының оқу орындарының курсанттарына (тыңдаушыларына)

қолданылады және көрсетілген адамдар санаттарына ақшалай ризықты, жәрдемақыларды және өзге де төлемақыларды төлеу тәртібін реттейді.

Осы Қағидалар бойынша ақшалай ризық:

а) қатардағы және басшы құрамның штаттық лауазымдарын атқаратын;

ә) Қазақстан Республикасы ІІМ-нің оқу орындарында оқитын;

б) ішкі істер органдарының қарамағында тұрған ішкі істер органдарының қызметкерлеріне төленеді.

2. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің ақшалай ризығы:

ақшалай ұстаудан;

қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін лауазымдық жалақыларына үстемеақыдан тұрады;

Ақшалай ұстау:

атқаратын штаттық лауазым бойынша жалақыдан;

арнаулы атағы үшін қосымша ақыдан тұрады.

Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындары курсанттарының (тыңдаушыларының) ақшалай ұстау түрлерінің бірі шәкіртақы болып табылады.

Ақшалай ұстауды төлеу үшін негіз ішкі істер органы басшысының оның номенклатурасына кіретін штаттық лауазымға тағайындау туралы, қарамағына қабылдау туралы бұйрығы, оқу орны бастығының оқуға қабылдау туралы бұйрығы болып табылады.

3. Ақшалай ризықты төлеу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінде белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне белгіленген мерзімінен бұрын ақшалай ризықты демалысқа кететін және қызмет бойынша ауысатындарға – ағымдағы және келесі айларға, бірақ демалыс және мереке күндерін есептемегенде, демалысқа немесе жаңа қызмет орнына кетуге дейін үш жұмыс күннен кешіктірмей төлеуге жол беріледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 30.12.2019 № 1112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Толық ай қызмет етпеген қызметкерге тиесілі ақшалай ризықтың мөлшері осы айда қызмет еткен күнтізбелік күннің нақты санына қарай айқындалады.

Толық емес айға ақшалай ризықты төлеу кезінде бір күнтізбелік күнге төлем мөлшері осы айдағы күнтізбелік күннің санына толық айға тиесілі ақшалай ризық сомасын бөлу арқылы айқындалады.

Егер ақшалай ризық төленетін кезеңде ішкі істер органдарының қызметкеріне бастапқы коэффициент белгіленсе немесе лауазымдық жалақыларына және сауықтыруға арналған жәрдемақыларына, сондай-ақ лауазымдық жалақыларына

үстемеақыларды есептеу үшін коэффициентті кезекті рет арттырылса ақшалай ризық коэффициент немесе үстемеақы белгіленген күннен бастап көрсетілген өзгерістерді ескере отырып, төленеді.

5. Ішкі істер органдарының кадрында қалдыра отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының аппараттарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне және өзге де мемлекеттік органдарға, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ақшалай ризық пен өзге де төлемдер "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

6. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тиесілі және уақтылы төленбеген немесе толық төленбеген ақшалай ризық барлық кезеңге төленеді, көрсетілген төлем төленбеген немесе толық төленбеген қызметкерлерге кем төлеу анықталған немесе наразылық білдіру күніне дейін, бірақ 3 жылдан артық емес мерзімге төленеді.

Лауазымдық жалақыны есептеуге арналған коэффициентті белгілеу үшін жеке істеріндегі бұрын белгісіз болған және ескерілмеген қызмет кезеңдері расталған жағдайларда жаңа белгіленген мөлшерлер бойынша ақшалай ризық қызметкерлер бұрын ескерілмеген еңбек сіңірген жылдарын растайтын құжаттар ұсынған күннен бастап өткен уақытқа қайта есептеусіз төленеді.

7. Осы Қағидаларда көзделген жағдайларда қаларалық автомобиль (таксиден басқа), темір жол және су көлігімен барып-қайтуға арналған шығыстарды өтеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Лауазымдық жалақылар, арнаулы атағына қосымша ақылар

8. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне лауазымдық жалақылар, арнаулы атағы үшін қосымша ақылар "Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 қазандағы қаңтардағы № 646 қбпү қаулысымен бекітілетін мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесімен айқындалады.

Қызметкерлердің лауазымдық жалақыларының мөлшері атқарып отырған лауазымына қарай және атқарып отырған лауазымдарын лауазымдар санатының

тобына жатқызуға, мемлекеттік қызметтегі еңбек сіңірген жылдары мен өтіліне қарай олардың лауазымдық жалақыларын және сауықтыруға арналған жәрдемақыларын есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді, түзету коэффициентін ескере отырып, базалық лауазымдық жалақының мөлшеріне көбейту арқылы айқындалады.

Қызметкерлерге арнаулы атағы үшін қосымша ақы мөлшері тиісті коэффициенттерді базалық лауазымдық жалақы мөлшеріне көбейту арқылы айқындалады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 30.12.2019 № 1112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне лауазымдық жалақы лауазымға тағайындалған күннен бастап, бірақ көрсетілген бұйрық шыққан күннен ерте емес немесе егер лауазымға тағайындау күні көрсетілмесе тағайындау туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап төленеді.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арнаулы атағы үшін қосымша ақы төлеу атақ берілген күннен бастап немесе егер беру күні бұйрықта көрсетілмесе арнаулы атақты беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап жүргізіледі.

10. Қызметкерлерге лауазымдық жалақы ішкі істер органдарының штатында көрсетілген лауазымдар санаты бойынша ("Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, арнаулы мемлекеттік органдары, құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1283 қбпү Жарлығына сәйкес) төленеді.

Штатта екі атауы бар лауазымдар бойынша лауазымдық жалақы лауазымның бірінші атауы бойынша белгіленеді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 30.12.2019 № 1112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Орта басшы құрамның лауазымына тағайындалған қатардағы және кіші басшы құрам қызметкерлеріне белгіленген атқаратын штаттық лауазымы бойынша жалақы, арнаулы атағы бойынша қосымша ақы төленеді.

3. Қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақылар және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша еңбекақы төлеу

12. Қызметтің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы негізгі немесе уақытша атқаратын лауазымы бойынша алатын нақты жалақысына төленеді.

13. Егер үстемеақы толық емес айға төленуі тиіс болса, оның сомасы үстемеақының көрсетілген шекті мөлшеріне және осы айға күнтізбелік күннің санына қарай белгіленеді.

14. Қызметтің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы ішкі істер органы басшысының бұйрығы негізінде үстемеақы белгілеген күннен бастап, бірақ бұйрықта көрсетілген күннен ерте емес немесе бұйрықта үстемеақыны белгілеу күні көрсетілмесе, үстемеақы белгілеу туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап төленеді.

15. Қызметтің ерекше жағдайлары үшін қызметкерлерге үстемеақы төлеу лауазымнан босатылған күннен бастап немесе үстемеақы төлеу көзделмеген лауазымды уақытша атқаруға кіріскен күннен бастап тоқтатылады.

16. Қызметтің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы ағымдағы жылға ақшалай ұстау төлеумен біруақытта төленеді.

17. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қосымша төлем Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар аумағында тұрғаны үшін және экологиялық зардап шеккен аймақтарда тұрғаны үшін Қазақстан Республикасының "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы және "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы заңдарында айқындалатын мөлшерде және тәртіппен коэффициенттерді қолдана отырып, еңбекақы белгіленеді.

18. Қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы мөлшерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесімен белгіленеді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 30.12.2019 № 1112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасы ПМ-нің, шет елдер оқу орындарының курсанттарына (тыңдаушыларына), магистранттарына, докторанттарына жүргізілетін төлемдер

19. Жоғары оқу орындарының курсанттарына (тыңдаушыларына)

оқу орнына қабылданған күннен бастап лауазымдық жалақы (шәкіртақы) төленеді.

20. Курсанттардың (тыңдаушылардың) лауазымдық жалақылары курстанттардың (тыңдаушылардың) лауазымдық жалақыларын (шәкіртақыларын) есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді базалық лауазымдық жалақының мөлшеріне көбейту арқылы айқындалады.

21. Оқу курсына байланысты лауазымдық жалақы (шәкіртақы) алатын, келесі курсқа көшірілген курстанттарға (тыңдаушыларға) осы оқу курсы бойынша жалақы (шәкіртақы) келесі курсқа көшкені туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап, бірақ жаңа оқу жылы басталардан ерте емес мерзімде төленеді.

22. ІІМ оқу орындарының магистратурасына және доктарантурасына қабылданған қызметкерлерге оқу орнына жолданғанға дейін соңғы атқарған (уақытша атқарғаны емес) штаттық лауазымы бойынша лауазымдық жалақының жетпіс пайызы мөлшерінде лауазымдық жалақы, сондай-ақ арнаулы атағы үшін қосымша ақы оқу уақытына белгіленеді.

23. Ішкі істер органдарына диплом алу алдындағы практикадан өту үшін жіберілген және ішкі істер органдарының штаттық лауазымына тағайындалған курсанттарға (тыңдаушыларға) диплом алдындағы практикадан өту жері бойынша білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өтуі үшін оқу орындарына іссапарға жіберілген күн бойынша штаттық лауазымда болу кезеңіне ақшалай ұстау төленеді, ол туралы ақшалай аттестатта тиісті жазбалар жасалады.

24. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарының курсанттарына (тыңдаушыларына) каникулдық демалыстар кезеңінде тұрғылықты тұратын жеріне барып-қайтуға қалааралық автомобиль (таксиден басқа), темір жол және су көлігіне жол жүру құны төленеді.

25. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша шет елдердің құқық қорғау органдарының жоғары оқу орындарында оқитын қызметкерлерге оқумен байланысты төлем, оның ішінде ақшалай ұстау халықаралық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

26. Шет елдердің құқық қорғау органдарының (полиция) білім беру ұйымдарында күндізгі нысан бойынша оқитын қызметкерлерге (тыңдаушыларға) каникулдық демалыс кезеңінде оқу орнына барып-қайтуға арналған шығыстар өтеледі.

5. Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында оқу уақытына жүргізілетін төлемдер

27. Қазақстан Республикасының және шет елдердің құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында оқитын қызметкерлерге кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында оқу уақытына, сондай-ақ оқу орнына барып-қайту жолына негізгі штаттық лауазым бойынша алатын ақшалай ризық төленеді, сондай-ақ оқуда болған әрбір күніне тәуліктік төленеді және қызметтік іссапарға белгіленген тәртіппен және нормалар бойынша тұрғын үй-жайды жалға алу бойынша шығыстар " Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысымен белгіленген тәртіппен және нормалар бойынша өтеледі.

28. Ішкі істер органдарының қызметкерлері ядролық сынақтардың салдары әсер еткен аумақтарда, экологиялық зардап аймақтарында тұрғаны үшін нақты алатын қосымша ақы оқу уақытында сақталады.

6. Лауазымды уақытша атқару кезінде жүргізілетін төлемдер

29. Негізгі міндеттерінен босата отырып, басқа лауазымдар бойынша міндеттерді уақытша атқару жүктелген штаттық лауазымды атқаратын қызметкерлерге төлем мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) штаттық орынбасарларға олардың өздерінің тікелей бастықтарының бос емес лауазымдары бойынша қызметтік міндеттеріне қарамастан, ақшалай ризықты төлеу олардың негізгі атқарып отырған лауазымы бойынша жүргізіледі;

2) басшының бос лауазымы бойынша міндеттерін, оның ішінде орынбасарларының да уақытша атқаруы кезінде, ақы өзге де төлемдер ескеріле отырып, лауазымды уақытша атқаруға көзделген жалақыға қарай, бірақ екі айдан аспайтын уақытқа төленеді. Көрсетілген мерзім ішінде оларды осы лауазымға тағайындау немесе бос лауазым бойынша міндеттерді атқарудан босату туралы шешім қабылдануы тиіс.

Міндеттерді уақытша атқарудың үзіліссіз мерзімі бос лауазым бойынша екі айдан, ал бос емес лауазым бойынша – төрт айдан аспауы тиіс.

Лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқарудың үзіліссіз мерзімі лауазымды атқаруға кіріскен күннен бастап, бірақ бұйрықта көрсетілген күннен ерте емес, ал күні көрсетілмесе, бұйрыққа қол қойылған күннен ерте емес, міндеттерін атқарудан босатылған күн бойынша есептеледі.

Лауазым бойынша міндеттерді атқарушы ретінде тағайындау қызметкерлерді лауазымға тағайындау және олардың орнын ауыстыру құқығы берілген лауазымды адамдардың бұйрығымен ресімделеді.

Қызметкерге міндеттерді уақытша атқаруды жүктеу және оны осыған байланысты негізгі лауазымы бойынша міндеттерді атқарудан босату, тікелей басшысы болмаған кезеңде оның лауазымы бойынша міндеттерді атқару қызметкердің қызметтік міндеттерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметкерлерді лауазымға тағайындау басшының бұйрығымен жүзеге асырылады.

30. Лауазымдық жалақыдан есептелетін әртүрлі үстемеақы түрлерін уақытша атқарылатын лауазым бойынша төлеу кезінде нақты алатын жалақысы назарға алынады

7. Еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңінде жүргізілетін төлемдер

31. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне еңбекке уақытша жарамсыздықтың барлық кезеңінде еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша қызметтік міндеттерінен босату парақтарының негізінде, сондай-ақ отбасының сырқат мүшесін күту бойынша еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша парақтардың негізінде ақшалай ризық толық көлемде

төленеді.

Барлық көрсетілген жағдайлар бойынша қызметкерлерге ақшалай ризық төлеу растайтын құжаттар ұсынғаннан кейін ғана жүргізіледі.

32. Ішкі істер органдарының қарамағында болуы кезеңінде сырқаттанған ішкі істер органдарының қызметкерлеріне еңбекке уақытша жарамсыздығы кезеңіне ақшалай ұстау төленеді.

33. Жүктілігі мен босануы бойынша демалыста, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алу демалысында, үш жасқа толғанға дейінгі бала күтімі жөніндегі еңбекақысы сақталмайтын демалыста болу кезеңінде ішкі істер органдарының қызметкері сырқаттанған кезде сырқаттанған күндері үшін ақшалай ризық төленбейді.

Егер сырқаттану көрсетілген демалыстар аяқталғаннан кейін де жалғасатын болса, тиісті демалыс аяқталған күннің келесі күнінен бастап және қызметкердің қызметке шығу күніне дейін ақшалай ризық төленеді.

8. Ішкі істер органдарының қарамағында болған уақытқа жүргізілетін төлемдер

34. Атқарып отырған лауазымдарынан босатылған ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тиісті ішкі істер органдарының қарамағында болған уақытында ақшалай ұстау штаттық лауазымнан босатылған күннен бастап (яғни соңғы атқарған лауазымы бойынша лауазымдық жалақы, арнаулы атағы үшін қосымша ақы) және тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы төленеді.

Төлемдер "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңмен белгіленген тиісті ішкі істер органдарының қарамағында болу мерзімдерінің кезеңінде жүргізіледі.

Ішкі істер органдарының қызметкерін қарамағына қабылдау туралы бұйрықта олардың қарамағында болу кезеңінде ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тиісті төлемді жүзеге асыратын ішкі істер органының бөлінісі көрсетіледі.

35. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қарамағында болуы уақытында лауазымдық жалақы төлеу кезеңінде Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ аумақтарында тұрғаны үшін қосымша төлем немесе оларға көрсетілген қосымша төлем белгіленген аудандық және жергілікті жердің ішкі істер органдарының қарамағында болған жағдайда экологиялық зардап шеккен аймақтарда тұрғаны үшін коэффициенттерді қолдана отырып, еңбекақы сақталады.

36. Қарамағына қабылдау туралы бұйрыққа қол қойылған күн немесе бұйрықта көрсетілген күн қарамағына қабылдау күні болып есептеледі.

37. Қарамағында болу мерзіміне ақшалай ұстауды төлеу кезінде:
демалыстарда болу уақыты;

денсаулық сақтау ұйымдарында емделуде (әскери-дәрігерлік комиссияның жолдамасы бойынша тексерілуде) болу уақыты;

бұрынғы қызмет атқарған жерінен тиісті құқық қорғау органы тұрған жерге дейін жолда болу уақыты;

сырттай немесе кешкі оқу нысаны бойынша білім алатын адамдар үшін – білім беру ұйымдарының оқу-емтихан сессияларында болу уақыты;

қылмыстық іс ақтау негіздері бойынша қысқартылған немесе ақтау үкімі шығарылған жағдайларда, қамауға алынған күннен бастап және босатылған күнін қоса алғанда, қылмыстық жауапкершілікке тартылуға байланысты қамауда болу уақыты есептелмейді.

9. Лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттетілгендерге және қамауда болу уақытында, сондай-ақ қызметі қалпына келтірілгендерге жүргізілетін төлемдер

38. Лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттетілген қызметкерлерге қылмыстық процесті жүргізетін орган ақшалай ризық төлеуді уақытша тоқтатады.

39. Қамау түрінде бұлтартпас жазасы таңдалған қызметкерлерге ақшалай ризықты төлеу қамауға алған күннен бастап тоқтатылады.

40. Лауазымдық міндеттерін атқарудан уақытша шеттетілген қызметкерлерге ішкі істер органының басшысы жауапкершілік туралы мәселе шешілгенге дейін қызметтік тергеу жүргізген жағдайда, бірақ бір айдан артық емес мерзімге ақшалай ұстау сақталады.

41. Қылмыс жасағаны үшін сотталуына байланысты ішкі істер органдарынан босатылған, ал кейіннен ақталған және тиісінше лауазымы мен арнаулы атағы қалпына келтірілген қызметкерлерге қызметте амалсыздан болмаған уақытын үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексімен белгіленген тәртіппен ақшалай ризық өтеледі.

10. Демалыстар уақытында жүргізілетін төлемдер

42. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына кеткен кезде қызметкерлерге ақшалай ризық және демалысқа кеткен күнге атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша екі лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы жылына бір рет не қызметкердің ішкі істер органының қарамағында болған жағдайда қарамағына қабылданған күнге соңғы атқарған штаттық лауазымы бойынша төленеді.

Төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы бөліп берілген жағдайда сауықтыруға арналған жәрдемақыны төлеу демалыстың бірінші бөлігін берген кезде жүргізіледі.

43. Ішкі істер органдарына қызметке келген жылы ішкі істер органдарының қызметкерлеріне жыл сайынғы еңбек демалысын берген кезде сауықтыруға арналған жәрдемақының мөлшері екі лауазымдық жалақыны он екі айға бөліп және алынған соманы қызметке келген жылға қызметтің толық айының санына көбейтіп есептеледі.

Қызметтен босатылған жылы төленген жәрдемақы қайтаруға жатпайды.

44. Бала күтімі жөніндегі демалысқа кеткен жылы және одан шыққан кезде қызметкерлерге сауықтыруға арналған жәрдемақы мөлшері жыл сайынғы еңбек

демалысын берген кезде екі лауазымдық жалақыны он екі айға бөліп және алынған соманы күнтізбелік жылға қызметтің толық айының санына көбейтіліп есептеледі.

45. Ішкі істер органдарына басқа құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан ауысу (іссапарға жіберу) тәртібімен қызметке келген және Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құрамалардың әскери қызметшілері қатарынан келген адамдарға сауықтыруға арналған жәрдемақы олар ауысқан (келген) жылға бұрынғы қызмет орны бойынша оларға жәрдемақы төленбеу фактісі (бұйрықтан үзінді, ақшалай аттестат және т.б.) расталған кезде төленеді.

46. Қызметкерлерге демалыс өткізу орнына бару және қайту жолына берілген уақытын қоса алғанда, ақылы жыл сайынғы еңбек, қысқа мерзімді, қосымша демалыстар уақытына ақшалай ризық олардың атқарып отырған лауазымы бойынша демалысқа шыққан күні алатын мөлшерде төленеді.

Атқарып отырған лауазымынан босатылған және қарамағында болған ішкі істер органдарының қызметкерлеріне берілген жыл сайынғы еңбек демалысы уақытында ақшалай ұстау қарамағында болу мерзіміне қарамастан, қарамағына қабылданған күнге негізгі лауазымы бойынша алатын мөлшерде төленеді.

47. Оқу орындардың курсанттары мен тыңдаушыларының каникулдық демалыста болған уақыты үшін оларға оқу уақытында алатын лауазымдық жалақысы (шәкіртақы) төленеді.

48. Тиісті ішкі істер органдарына қызметке бөлу бойынша жіберілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарының түлектеріне оқу орнын аяқтағаннан және оларды лауазымға тағайындағаннан кейін берілетін демалыс кезеңі үшін олар тағайындалған штаттық лауазым бойынша ақшалай ризық және жылына екі лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

49. Оқудың күндізгі және сырттай нысаны бойынша ІІМ оқу орындарына, оның ішінде магистратура мен докторантураға түсу емтихандарына дайындалу және тапсыру үшін қызметкерлерге ұсынылған оқу демалыстарының уақытына оларға демалысқа кеткен күнге негізгі штаттық лауазым бойынша ақшалай ұстау төленеді, ал басқа білім беру ұйымдарына түсушілерге ақшалай ұстау төленбейді.

50. Сырттай оқу нысаны бойынша ІІМ білім беру ұйымдарында оқитын қызметкерлерге емтихан тапсыру кезеңінде ұсынылған оқу демалыстары уақытында ақшалай ұстауы сақталады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінде темір жол көлігімен оқу орнына барып-қайтуға жолақысының шығыстары өтеледі.

51. Мемлекеттік қызметшілерді даярлау бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім беру ұйымдарына түскен қызметкерлерге оқу демалысы кезінде ақшалай ризық төленбейді.

11. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақаты, жаралануы (контузия алуы), мертігуі, науқастануы салдарынан болған мүгедектік белгіленгенде немесе қызметтік

міндеттерін атқару кезеңінде мертiккен жағдайда, сондай-ақ iшкi iстер органдарының қызметкерi қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда iшкi iстер органдарының қызметкерiне жүргiзiлетiн төлемдер

52. Қызметкерлер қызметтiк мiндеттерiн атқарып жүрген кезеңінде мертiккен жағдайда, қызметкерге қызметтiк мiндеттерiн атқару кезiнде алған жарақаты, жаралануы (контузия алуы), мертiгуi, науқастануы нәтижесiнде болған мүгедектiк белгiленгенде, сондай-ақ ол қызметтiк мiндеттерiн атқару кезiнде қаза болған (қайтыс болған) кезде не болмаса қызметтiк мiндеттердi орындау үшiн мiндеттi атқару кезiнде алған жарақат салдарынан қызметтен босатылғаннан кейiнгi бiр жыл iшiнде бiржолғы өтемақы "Құқық қорғау қызметi туралы" Қазақстан Республикасының Заңын iске асырудың кейбiр мәселелерi" туралы Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 қаулысымен бекiтiлген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органының, мемлекеттiк фельдъегерлiк қызмет қызметкерi өзiнiң қызметтiк мiндеттерiн атқару кезеңінде мертiккен кезде, сондай-ақ ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның алуына құқығы бар бiржолғы өтемақы төлеу қағидаларына сәйкес төленедi.

53. Қайтыс болған немесе қаза болған қызметкерлердi жерлеуге оларды үш айлық ақшалай ұстау мөлшерiнде бiржолғы ақшалай өтемақы төленедi.

12. Тұрғын үйдi ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақшалай өтемақы төлеу

54. Iшкi iстер органдарының қызметкерлерiне, оның iшiнде қарамағында, жүктiлiгi мен босануы бойынша, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты, үш жасқа толғанға дейiнгi бала күтiмi жөнiндегi еңбекақысы сақталмайтын демалыста болған қызметкерлерге тұрғын үйдi ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу үшiн ақшалай өтемақы төленедi.

55. Қызметкерлерге ақшалай өтемақы төлеу қызметке түскен күннен бастап жүргiзiледi және қызметтен босатылуына байланысты iшкi iстер органдарының жеке құрамының тiзiмiнен алып тастаған күннен бастап тоқтатылады.

56. Ақшалай өтемақының мөлшерi тиiстi қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы заңға сәйкес айқындалады.

57. Ақшалай өтемақыны төлеу туыстық қатынастарға және бiрлесiп тұруға (яғни әкесiне, әйелiне, балаларына егер ол қызметкерлер болып табылса) қарамастан, әрбiр қызметкерге жүргiзiледi.

Ақшалай өтемақы қызметкерлерге ағымдағы жылғы ақшалай ризықты төлеумен бiруақытта төленедi.

58. Iшкi iстер органдарының кадрында қалдыра отырып, Қазақстан Республикасы Президентiнiң Әкiмшiлiгiне, Қазақстан Республикасы Парламентi Палаталарының аппараттарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрiнiң Кеңесiне және өзге де

мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілген қызметкерлерге ақшалай өтемақыны іссапарға жіберілгенге дейін олар штатында тұрған орган төлейді.

59. Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша магистратура мен докторантурадағы оқу кезеңінде қызметкерлерге тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы қызметкердің оқу орны бойынша оқу орындары төлейді.

Шетелдік құқық қорғау органдарының оқу орындарының магистратурасы мен докторантурасында күндізгі оқу кезеңінде қызметкерлерге тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақыны олар оқуға жіберілгенге дейін штатында тұрған орган төлейді.

13. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің тұрғын үй төлемдері

Ескерту. 13-тараудың тақырыбы жана редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 14.09.2022 № 743 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Ішкі істер органдарының қызметкеріне қызметтік тұрғын үй берудің орнына бюджет қаражатының есебінен арнайы ақшалай қамтылым түрінде тұрғын үй төлемдері төленеді.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 14.09.2022 № 743 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау тәртібі, сондай-ақ тұрғын үй төлемдерін алуға құқығы бар ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары "Ішкі істер органдарының қызметкерлерін қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларын, сондай-ақ тұрғын үй төлемдерін алуға құқығы бар ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 524 қаулысымен бекітілген.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 14.09.2022 № 743 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Нысанды киім үшін ақшалай өтемақы төлеу

62. Тізбесін Ішкі істер министрі бекітетін бөліністердің лауазымдарында қызмет өткеретін қызметкерлерге нысанды киім орнына ақшалай өтемақы төленеді.

63. Нысанды киім-кешек үшін ақшалай өтемақы Ішкі істер министрлігінің тиісті жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша бұйрығымен бекітетін ішкі істер органдарының қызметкерлерін нысанды киім-кешекпен жабдықтау нормалары бойынша ортажылдық тозу құнының мөлшерінде төленеді.

Ортажылдық тозу құнын есептеу соңғы мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша келісімшарттармен айқындалған нысанды киімнің әрбір затының құны бойынша жүргізіледі.

64. Нысанды киім үшін ақшалай өтемақы қызметкерлерге әр жарты жылдықтың соңында төленеді.

Жартыжылдық ақшалай өтемақының мөлшері ішкі істер органдарының қызметкерлерін нысанды киіммен жабдықтау нормалары бойынша ортажылдық тозу құнын тиісті жылдағы күнтізбелік күннің санына бөліп, тиісті жарты жылдықтың күнтізбелік күнінің санына көбейте отырып есептеледі.

65. Ішкі істер органдарынан қызметтен босатылған кезде қызметкерлерге нысанды киім үшін ақшалай өтемақы жарты жылдық ақшалай өтемақының мөлшері ішкі істер органдарының қызметкерлерін нысанды киіммен жабдықтау нормалары бойынша ортажылдық тозу құнын қызметтен босатылатын жылдың күнтізбелік күнінің санына бөле отырып, өтемақы төлеу жүзеге асырылмаған қызметтен босатылу жылының қызметтің күнтізбелік күнінің санына көбейте отырып, есептелетін мөлшерде төленеді.

66. Қызмет бойынша бір бөліністен екінше бөлініске орын ауыстыру кезінде қызметкерлерге нысанды киім үшін ақшалай өтемақы жарты жылдық ақшалай өтемақының мөлшері ішкі істер органдарының қызметкерлерін нысанды киіммен жабдықтау нормалары бойынша ортажылдық тозу құнын қызметтен босатылатын жылдың күнтізбелік күнінің санына бөле отырып, өтемақы төлеу жүзеге асырылмаған қызметтен босатылу жылының қызметтің күнтізбелік күнінің санына көбейте отырып, есептелетін мөлшерде төленеді.

15. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызмет бойынша орнын ауыстыру және жылжыту кезінде көтерме жәрдемақы төлеу

67. Бір елді мекеннен кемінде елу километр алыстағы екінші елді мекенге көшуіне байланысты ішкі істер органдары қызметкерінің қызмет бойынша орнын ауыстыру және жылжыту кезінде оған екі айлық ақшалай ұстау және онымен бірге көшкен отбасы мүшелерінің әрқайсысына жарты айлық ақшалай ұстау мөлшерінде көтерме жәрдемақы төленеді.

Ішкі істер органдары қызметкерінің қызмет бойынша орнын ауыстыру және жылжыту кезінде оған мемлекет есебінен он тоннаға дейін меншікті мүлкін тасымалдауға шығындар, сондай-ақ онымен бірге көшкен отбасы мүшелерін қоса отырып, темір жол, су, автомобиль көлігіндегі жолақысы өтеледі.

Қызмет бойынша орнын ауыстыру және жылжыту кезінде көтерме жәрдемақыға, көліктегі жолақысы үшін және меншікті мүлкін тасымалдауға арналған шығындардың өтелуіне құқығы бар ішкі істер органдары қызметкерлері лауазымдарының тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

68. Көтерме жәрдемақы Тізбеде көзделген лауазымға тағайындалуына байланысты көшіп келген ішкі істер органдарының қызметкерлеріне төленеді.

Көтерме жәрдемақы қызметкер тағайындалған негізгі лауазым бойынша жалақыдан төленеді.

Көтерме жәрдемақыны төлеу қызметкерді тағайындау туралы тиісті бұйрықта жазылады.

69. Қызметкердің жаңа қызмет орны бойынша тұрақты тұру үшін нақты көшіп келген ішкі істер органы қызметкерінің әрбір отбасы мүшесіне оның қызмет орнына отбасы мүшелері көшіп келген күнге негізгі лауазымы бойынша қызметкерге тиесілі жарты айлық ақшалай ұстау мөлшерінде көтерме жәрдемақы төленеді.

70. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне көтерме жәрдемақы мынадай отбасы мүшелеріне төленеді: жұбайы (зайыбы), ерлі-зайыптылардың ортақ немесе бірінің кәмелетке толмаған (асырап алған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) балалары; білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімінде оқитын жиырма үш жасқа дейінгі (асырап алған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) балалары және жұбайының (зайыбының) балалары; он сегіз жасқа дейін мүгедектігі бар адам болған (асырап алған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) мүгедектігі бар балалары және жұбайының (зайыбының) мүгедектігі бар балалары; қызметкердің асырауындағы ата-анасы және жұбайының (зайыбының) ата-анасы.

Асырауындағы адамдар ретінде оның табысы есебінен өмір сүретін және жеке табыс көзі жоқ қызметкердің отбасы мүшелері танылады.

Отбасы мүшелеріне көтерме жәрдемақы төлеу кезінде жасы, мүгедектігі, асырап алу фактісі ішкі істер органы қызметкерінің жаңа қызмет орнына олардың келген күніне ескеріледі.

Ескерту. 70-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 14.09.2022 № 743 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Отбасы мүшелеріне арналған көтерме жәрдемақы қызметкерлерге ішкі істер органының қаржы бөлінісіне мынадай құжаттарды ұсынған кезде төленеді:

1) ішкі істер органының кадр бөлінісі берген отбасы құрамы туралы анықтама;
2) алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 30.12.2019 № 1112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) жиырма үш жасқа дейінгі адамның күндізгі оқу нысанында оқитыны туралы оқу орнының анықтамасы;

4) отбасында мүгедектік тобы бойынша он сегіз жасқа жетпеген мүгедектігі бар бала болған жағдайда халықты әлеуметтік қорғау мемлекеттік мекемесінен мүгедектік туралы анықтама;

5) балаларды қорғау саласындағы уәкілетті органнан кәмелетке толмағанды қорғаншылық және қамқоршылық туралы анықтама;

6) отбасы мүшелерінің адамы деп тану не қызметкермен бірге тұратыны туралы сот шешімінің көшірмесі.

Ескерту. 71-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 30.12.2019 № 1112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.09.2022 № 743 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

16. Ішкі істер органдарынан босатылған кезде жүргізілетін төлемдер

72. Ішкі істер органдарынан босатылған қызметкерлерге:

1) қызметтен босатылған күнге лауазым атқарғандарға – қызметтен босату туралы бұйрықта көрсетілген қызметтен босатудың өткен күнінің күні бойынша немесе егер қызметтен босату күні көрсетілмесе қызметтен босату туралы бұйрыққа қол қойған күнге ақшалай ризық төленеді;

2) оқу орындардың курсанттары мен тыңдаушылары – оқу орындардың ауыспалы құрамының тізімінен алынған күн бойынша лауазымдық жалақы (шәкіртақы) төленеді;

3) қызметтен босатылған күнге ішкі істер органдарының қарамағында болғандарға – ақшалай ұстауды төлеу осы Қағидалардың 36-тармағына сәйкес қарамағында болу күні бойынша төленеді.

73. Қызметтен босатылатын қызметкерлерге біржолғы жәрдемақылар мынадай тәртіппен және мөлшерде:

күнтізбелік он жылдан аз еңбек сіңірген және денсаулық жағдайы бойынша, штаттардың қысқаруына байланысты қызметтен босатылғандарға – үш айлық ақшалай ұстау;

күнтізбелік он жылдан астам еңбек сіңірген және қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттардың қысқаруына байланысты қызметтен босатылғандарға:

он жылдан он бес жылға дейін – төрт айлық ақшалай ұстау;

он бес жылдан жиырма жылға дейін – бес айлық ақшалай ұстау;

жиырма жылдан жиырма бес жылға дейін – алты айлық ақшалай ұстау;

жиырма бес жылдан отыз жылға дейін – жеті айлық ақшалай ұстау;

отыз жылдан асқандарға – сегіз айлық ақшалай ұстау төленеді.

Ішкі істер органдарында қызмет өткеру кезеңінде мемлекеттік наградалармен – ордендермен марапатталған ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қызметтен

босатылған кезде біржолғы жәрдемақы мөлшері ақшалай ұстаудың екі жалақысына ұлғаяды.

74. Біржолғы жәрдемақы мөлшерін айқындау үшін еңбек сіңірген жылдарға зейнетақы төлемін тағайындауға күнтізбелік есептелген еңбек сіңірген жылдары қабылданады.

Біржолғы жәрдемақы соңғы штаттық лауазым бойынша төленетін лауазымдық жалақыға, қызметтен босатылған күнгі арнаулы атағы үшін қосымша ақыға қарай есептеледі.

Құқық қорғау органының қызметкері құқық қорғау органдарына қайтадан (кейіннен) қызметке қабылданғаннан кейін қызметтен босатылған кезде біржолғы жәрдемақы мөлшерін айқындау кезінде қызметтің біржолғы (жұмыстан шығу) жәрдемақысы төленбеген кезеңі есепке алынады.

75. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін алу құқығынсыз қызметтен босату кезінде біржолғы жәрдемақылар төлеумен қатар ішкі істер органдарының орта, аға және жоғары басшы құрам адамдарына, қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттарды қысқартуға байланысты қызметтен босатылғандарға арнаулы атақтар үшін қосымша ақылары қызметтен босатылған күннен бастап бір жыл бойы сақталады.

Бұл ретте егер көрсетілген мерзім ішінде қызмет атқарып жүрген ішкі істер органдарының басшы құрамы адамдарының арнаулы атақтары үшін қосымша ақылары өсетін болса, тиісінше еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алу құқығынсыз қызметтен босатылған құқық қорғау органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамы адамдарына төленетін осы қосымша ақылар мөлшері де ұлғаяды.

Төлемдерді қызметкердің соңғы қызмет орны бойынша ішкі істер органының басшысы бұйрығының негізінде ішкі істер органының қаржылық бөлінісі жүзеге асырады.

Кадр аппараты қызметкердің соңғы атқарған қызмет орны бойынша ішкі істер органының зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыратын қаржы қызметімен бірлесіп, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ішкі істер органдарынан қызметтен босатылған қызметкердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауға құқығының болмауы туралы анықтама жасайды.

76. Ішкі істер органдарынан қызметтен босатылған қызметкерлерге қызметтен босатылатын жылы пайдаланылмаған ақылы жыл сайынғы еңбек демалысына осы жылы қызмет еткен уақытына теңбе-тең, бірақ қырық күнтізбелік күннен аспайтын ақшалай өтемақы төленеді.

Демалыстың пайдаланылмаған күндеріне ақшалай өтемақы толық ай үшін тиесілі ақшалай ұстау сомасын қызметтен босатылған жылдағы күнтізбелік күннің орташа айлық санына бөлу арқылы айқындалатын күнтізбелік күн үшін төлем мөлшеріне қарай есептеледі.

17. Ақшалай аттестат

77. Ішкі істер органдары қызметкерінің орнын ауыстыру, ауысуы, сондай-ақ қызметтен босатылған кезінде қаржы аппараты заңнамада көзделген барлық төлемдерді жүргізуге және төленген сомалар туралы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшалай аттестатта жазбалар жүргізуге міндетті.

78. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ақшалай аттестат аралау парағын бергеннен кейін:

а) бір ішкі істер органынан екінші ішкі істер органына орын ауыстырған барлық жағдайларда, оның ішінде ішкі істер органдарының білім беру ұйымдарына үш айдан аса мерзімге оқу үшін жіберілген кезде;

ә) ішкі істер органдарының қызметкері басқа құқық қорғау органдарына, Қарулы Күштерге, арнаулы мемлекеттік органдарға ауысқан кезде;

б) ішкі істер органдарының қызметкерін ішкі істер органдарының кадрында қалдыра отырып, мемлекеттік органдарға және халақыралық ұйымдарға іссапарға жіберген кезде;

в) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындай отырып, запасқа немесе отставкаға ішкі істер органдарынан қызметтен босатылған кезде беріледі.

79. Егер ақшалай аттестат ақшалай ризықты төлеу және заңнамада көзделген өзге де төлемдер бойынша ішкі істер органы қызметкерінің берешегінің себебі бойынша қызметтен босатылған кезде, сондай-ақ аралау парағын ұсынбаған жағдайда берілмесе, қаржы аппараты осы аттестатты ішкі істер органының қызметкері берешекті өтегеннен және аралау парағын ұсынғаннан кейін қызметтен кеткен қызметкердің жаңа қызмет орнына жібереді.

80. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындала отырып, қызметтен босатылғандарға ақшалай аттестат қолына берілмейді, басқа құжаттармен бірге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауға тиісті ішкі істер органына жолданады.

81. Ақшалай аттестат ақшалай ризыққа арналған жеке шотқа қолхатпен беріледі және тіркеу журналында мыналар:

- 1) ақшалай аттестатты беру нөмірі мен күні;
- 2) қатардағы және басшы құрамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), атқарып отырған лауазымы және арнаулы әскери атағы;
- 3) қатардағы және басшы құрам адамының қайда кеткені;
- 4) ақшалай ризық қандай уақытқа төленгені, қандай жалақыдан және қандай үстемеақылар төленгені;
- 5) үстемеақы белгілеу туралы бұйрықтың нөмірі және күні;

б) лауазымдық жалақыны есептеуге коэффициент белгілеу үшін ішкі істер органы қызметкерінің қызмет өтілі және осы өтіліне белгілеу туралы бұйрықтың нөмірі мен күні көрсетіледі.

82. Ақшалай аттестаттар айқын толтырылады, ішкі істер органдарының уәкілетті басшыларының адамдары қол қояды және мөрмен бекітіледі.

Ақшалай аттестатты қарындашпен толтыруға жол берілмейді.

Мәрсіз немесе қолсыз, түзетілгені немесе айтылмаған түзетулері бар, сондай-ақ дұрыс толтырылмаған ақшалай аттестаттар жарамсыз деп есептеледі.

83. Ақшалай аттестат берілетін қызметкер өзінің қолтаңбасымен көрсетілген аттестатта жүргізілген есептер бойынша жазбалардың дұрыстығын растайды.

84. Жаңа қызмет орнына келген қызметкерлерге ақшалай ризық тағайындау туралы бұйрықтың және бұрынғы қызмет орны бойынша берілген ақшалай аттестаттың негізінде төленеді.

Қазақстан Республикасы ішкі істер
органдарының қызметкерлеріне
ақшалай
ризықты, жәрдемақыларды және өзге
де
төлемақыларды төлеу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

**Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін
тағайындауға құқығының болмауы туралы анықтама** _____
_____ берілді

(мемлекеттік органның, бөліністің атауы)

1. Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

2. Туған күні _____

3. Ішкі істер органдарынан қызметтен босатылған күнге қызметкердің арнаулы атағы (беру бұйрығының № және күні) және атқарған лауазымы

4. _____

(мемлекеттік органның (мекеменің) атауы)

20__ жылғы "___" _____ №__ бұйрығына сәйкес "Құқық қорғау қызметі туралы"
2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 80-бабының 1-тармағы __
__ тармақшасының

(_____) негізінде ішкі істер органдарынан босатылды.

(тармақшаның атауы)

5. Ішкі істер органдарынан босатылған күнге:

Еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есеппен ___ жыл ___ ай ___ күнді,
жеңілдікпен есептегенде ___ жыл ___ ай ___ күнді, еңбек өтілі жылдары күнтізбелік

есеппен ____ жыл ____ ай ____ күнді, жеңілдікпен есептегенде ____ жыл ____ ай ____ күнді құрады.

6. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқығы жоқ.

Мөрдiң орны Органның (мекеменiң) кадр

қызметiнiң басшысы

Зейнетақымен қамсыздандыруды

жүзеге асыратын iшкi iстер

органының қаржы қызметiнiң

басшысы

Қазақстан Республикасы iшкi iстер

органдарының қызметкерлерiне

ақшалай

ризыкты, жәрдемақыларды және өзге

де

төлемақыларды төлеу қағидаларына

2-қосымша

Нысан

№ ____ АҚШАЛАЙ АТТЕСТАТ

(аттестат берген органның атауы)

(әскери немесе арнаулы атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған _____

жағдайда), жеке нөмірі)

куәландырады

1. Лауазымдық жалақысы айына _____ теңге.

2. Арнаулы атағы бойынша қосымша ақы айына _____ теңге.

3. Сыныптық біліктілігіне үстемақы айына _____ теңге.

4. Қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы айына _____
_____ теңге.

5. Тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы айына _____ теңге.

20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша лауазымдық жалақыны есептеу үшін еңбек сіңірген жылдары

(iшкi iстер органының атауы)

20__ жылғы " _____ " _____ № _____ бұйрығымен ____ жыл ____ ай ____ күн деп белгіленді.

Ақшалай ризықтың мынадай түрлерімен қанағаттандым:

1. _____ бойынша лауазымдық жалақы.

2. _____ бойынша арнаулы атағы үшін қосымша ақы.

3. _____ бойынша сыныптық біліктілігі үшін үстемеақы.

4. _____ бойынша қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы.

5. _____ бойынша зейнетақы жарналары ақшалай ұстаудың 20%-ы мөлшерінде аударылды.

6. _____ бойынша тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы.

7. Алименттер, кімге _____ мөлшерде.

8. 20__ жылғы демалыс _____

(пайдаланғанын, пайдаланбағанын көрсету)

9. Сауықтыруға арналған жәрдемақы _____

(пайдаланғанын, пайдаланбағанын көрсету)

10. Ішкі істер органдарынан қызметтен босатылған кезде төленетін

біржолғы жәрдемақы _____

(мөлшері және сомасы жазбаша көрсетілсін)

11. _____ берешегі бар

(берешік түрі көрсетілсін)

20__ жылғы _____ бастап _____

_____ қарамағында тұр.

Қызметкердің ЖСН _____

Қызметкердің ағымдағы шоты _____

(шоттың №, банктің атауы)

Аттестат _____

(қызмет бойынша ауысқан, зейнеткерлікке шығу немесе мүлдем қызметтен босатылған)

_____ байланысты берілді

_____ жылғы " _____ " _____ № _____ бұйрығына сәйкес

20__ жылғы " _____ " _____

М.О.

Қолы _____

(қолы)

(қолы)

Аттестаттағы деректер дұрыс деп есептеймін _____

(қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ